

УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІНДЕГІ ШАҒЫН ҚАЛАЛАР

Абдуразаков М. Ф.

madi13@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультеті
«6D020300-Тарих» мамандығының 3-курс докторанты
Ғылыми жетекшісі – т. ғ. к., профессор Т.С. Садықов

Урбанизация үдерісі қалалар мен қала халқы санының артуымен тығыз байланысты. XX ғасырдың бірінші ширегінде еліміздің аумағында қалалар жиырмаға жетпесе, 1980-жылдардың соңына қарай олардың саны 80-нен асты. Кеңес Одағы тұсында урбанизация үдерісі Қазақстанда қарқынды жүргізілуі, қалалар мен қалалар желісінің тұрғызылуы, дамуының өзіндік ішкі себептері болды. КСРО құрылғанға дейінгі қалалардың Отан тарихы беттерінен ерте замандағы, орта ғасырлар мен жаңа заман кезеңдерінде қалыптасқаны және олардың атқаратын қызметтері әркелкі болғаны археологиялық қазбалар мен ауызша, жазба деректерден белгілі. Кеңес Одағы тұсындағы Қазақстан қалалары санының артуы мен жалпы мемлекет бойынша урбанизация үдерісі пайызының жоғарылауында шағын қалалардың орны зор. КСРО-ның алып аумағында қалалар желісінің маңызды және көп бөлігін дәл осы шағын қалалар құрады.

XX ғасырдың 90-жылдарындағы Қазақстанда урбанизация үдерісінің көрсеткіштері посткеңестік мемлекеттер арасында айтарлықтай жоғары болды. Тәуелсіздік жариялаған тұстағы мемлекет қалаларының әлеуметтік-экономикалық, экологиялық жағдайын сипаттауда У.М. Исаков, Ж.М. Әділовтың, Р.Х. Қадырованың, М. Тәжиннің, А.С. Уалтаева мен басқа да авторлардың жұмыстары өте құнды. Сол себепті урбанизацияның Қазақстан территориясындағы барысы мен тарихи маңызын түсіндіруде аталған үдеріске түсініктеме берген, талдау жасаған отандық ғалымдардың пікірлері маңызды болып табылады.

Кеңес Одағы тұсындағы Қазақстан қалаларының атқаратын қызметін талдаған У.М. Әділов «республика қалаларындағы әлеуметтік инфрақұрылым мен бүкіл ұлғаймалы өндіріс саласының жеткіліксіз дамуы экономикадағы жоспарлауда шығын жұмсау принципінің, ведомстволық «ашқарақ» көзқарастың, қаладағы партиялық және қоғамдық ұйымдардың халық мүддесіне жеткіліксіз көңіл бөлуінің, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық дамуға тосқауыл болатын басқа да механизмдердің әсерінен» [1, 3-б.] деп көрсетеді. Қаладағы экология мәселесін қарастырған зерттеуші Қазақстан аумағындағы ашылған өндіріс пен өнеркәсіп орталықтарының адам мен қоғамға тигізетін кері әсерін айтып, коммунистік партияның салғырттығына баса назар аударады. Ғалым қалалардың даму мәселесін экология мен экономикалық факторлардың тығыз байланысы арқылы зерттеп, өзіндік талдау жүргізеді.

Тәуелсіздіктің ширек ғасырлық уақыттағы урбанизация үдерісінде бірқатар өзгерістер, жаңалықтар орын алды. Бұл өзгерістердің негізгі дені позитивті – үлкен қалаларға және негативті – шағын қалаларға тән болып келеді. Шағын қалалардағы орын алған кері, негативті тенденциялар өткен ғасырдың 90-жылдарында бастау алды.

1990-жылдардың басындағы қалалардың дамуы мен хал-жағдайын сипаттауда Р.Х. Қадырова, П.П. Петров және Н. Жакашов авторлық ұжымымен жарияланған еңбектің маңызы зор [2]. Қаланың адам ағзасына әсерін айта келе мәселенің медициналық жағынан зерттеген ғалымдар Ақтөбе, Қарағанды, Жамбыл, Шымкент, Өскемен және басқа да өнеркәсібі дамыған қалалардың ахуалын қарастырып, адам денсаулығына әсер ететін өндіріс орындарының қалалардың ішінде орналасуы мен қалаларда ағаштар егу мәселесінде бірқатар ой-қорытындылар жасайды.

Кеңес Одағының Қазақстандағы урбанизация үдерісінің жасанды түрде жасалғанының дәлелі ретінде шағын қалалардың ыдырауы мен дәрежесінің төмендетілуі мысал бола алады. Дегенмен 90 жылдары жалпы экономикадағы қиыншылықтар, нарықтық экономикаға көшу, белсенді ішкі, сыртқы көші-қон Қазақстан қалаларына қатты әсер етті.

Қазақстан Республикасының шағын қалаларын зерттеуде А.С. Уалтаеваның еңбегі маңызды болып табылады. Ғалым мұрағаттық және статистикалық материалдарды пайдалана отырып, мемлекетіміздің шағын қалаларының тарихы мен халқын қарастырады. Сонымен бірге ғалым Қазақстанның шығыс аймағындағы қалалардың элеуметтік-демографиялық аспектілерін зерттейді [3]. Еңбек тәуелсіздік кезеңдегі Қазақстанның шағын қалаларындағы халық санын жан-жақты және кешенді түрде баяндап, демографиялық дамуының перспективаларын айқындайды. Ғалым көші-қон үдерісінің шағын қалалардың демографиялық үдерісіне ықпалы, мемлекеттің нарықтық экономикаға ауысқаннан кейінгі қалалықтардың элеуметтік құрылымы мен басқа да көптеген мәселелерді талдайды.

Қазақстанда урбанизация үдерісінің әркелкілігі 2017 жылы Мәскеуде шетелдік авторлар ұжымымен жарық көрген еңбекте жан-жақты сипатталады. Ғалымдар Қазақстандағы урбанизацияның барысын модельдеу арқылы оның сипатын анықтаған. Зерттеу бағытының бір бөлігі Кеңес Одағында дамыған, ал 90-жылдары тоқырауға ұшыраған, жалпы тәуелсіздік алған ширек ғасырлық уақытта ыдыраудың сәл-ақ алдында тұрған шағын қалалардың тұрмысы фото-құжаттармен келтірілген [4]. Ғалымдар ғасырлар тоғысындағы Қазақстанның Арал, Қазалы, Қаратау, Шу, Қарқаралы, Арқалық және басқа да қалалары жайлы мағлұматтар келтіріліп, мемлекеттегі қалалық елді-мекендердің моделдеу желісі берілген.

Урбанизация үдерісі тек ірі мегаполистердің дамуымен ғана шектелмейді. Республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың дамуы жалпы урбанизацияның пайызын арттырады. Қазақстандағы қалалар бойынша аудандық маңызы бар шағын қалалардың көптігі олардың элеуметтік-экономикалық, экологиялық және басқа да жақтарын зерттеуге итермелейді. Себебі шағын қалаларда орналасқан өндіріс орындары экономика дамуына ықпалы айтарлықтай болып келеді және сол өндіріс орындарының үздіксіз қызмет көрсетуі жұмыс тапшылығы мәселесін де шешті. Қазақстандағы шағын қалалардың құлдырауы жаңа ғасырда аталған мәселеде мемлекеттік қолдауды қажет етті. 2000 жылдардың басында Қазақстанда халқы 50 мыңнан аспайтын 60 шағын қала болды. 2000 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасы Үкіметі 2000-2002 жылдарға арналған кедейлік және жұмыссыздықпен күрес бойынша бағдарламасын қабылдады. Аталған бағдарлама шағын қалалардағы жұмыссыздық мәселе біршама шешті. Мәселен Қостанай облысының Арқалық және Лисаковск шағын қалаларында бағдарлама аясында іске асырылған шаралардың нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі төмендеді. Лисаковск қаласында жұмыссыздар саны 3310-нан 2910-ға қысқарған. Арқалық қаласының басты кәсіпорны «Алюминий Казахстана» ААҚ-да қосымша 919 жұмыс орны ашылды. Жетіқара қаласының негізгі жұмыс базасы саналатын «Қустанайасбест» ААҚ қосымша 89 жұмыс орны ашылды. Жалпы аймақтағы жұмыссыздар саны 2001 жылы 25 пайызға азайған [5].

Ақтөбе облысының 7 шағын қаласында (Алға, Қандыағаш, Ембі, Жем, Темір, Хромтау, Шалқар) халық саны көп емес, 8,1 мың адам (Жем) мен 26,5 мың адам (Шалқар) арасында. Аталған қалаларда жұмысшыларды қайта дайындықтан өткізіп, жаңа жұмысқа тарту мүмкіндіктеріне ие болды. Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысындағы Кентау, Арыс, Түркістан, Леңгір өзіндік даму жолына түсті. Арыс қаласына 1999 жылы 17,4 млн тенге құйылса, 2002 жылы 156,3 млн қаржы бөлінген. Павлодар облысындағы Ақсу, Жамбыл облысындағы Шу, Жаңатас, Қаратау қалаларындағы экономикалық жағдайды жақсарту мақсатында мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржы бөлінді [5].

XX ғасырдың 90-жылдарында басталған шағын қалалардағы дағдарыс 2000 жылдардың басында жалғасын тапты. Қазақстан шағын қалаларының экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында мемлекет тарапынан қосымша бағдарламалар қабылдануының астарында шағын қалалардың халқы азайып, құлдырауын білдірді [6].

Республиканың барлық дерлік шағын қалаларының негізгі проблемалары ретінде – өндіріс орындарының созылмалы құлдырауы әсерінен туындаған жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, өмір сүру көрсеткіштерінің айтарлықтай төмендеуі, осы қалалардан халықтың үдере көшуі, бюджеттік қаржы мен инвестициялардың жетіспеушілігі, әлеуметтік саладағы объектілерді қамтамасыз етудің проблемасы, транспорттық байланыстардың нашарлығы, тұтынушылардың төлем жүргізуге қабілеттілігінің төмендігі әсерінен электроэнергия мен жылудың жетіспеушілігін атау тиіс [5].

Ғалым А.С. Уалтаева Қазақстан шағын қалалары тәуелсіздік кезеңінде өзінің маңыздылығы мен мәдени мәртебесін жоғалтпағанын айта келе, шағын қалалардағы өнеркәсіп пен инфрақұрылымның дамуы халықтың өмір сүру деңгейін көтеріп, көбісінің критикалық жағдайдан шығуы мен «екінші тыныс» алуына септігін тигізеді дейді. Сонымен қатар, шағын қалалардың салт-дәстүрін еске түсіретін тарихи мұра жоғалмауы тиіс, керісінше, үлкен қалалардағы адамдардың назарын аударып, шағын қалалардың қайта және болашақтағы дамуына әсер етуі тиіс деген пікір білдіреді [3, 40-б.]. Осы тұста ғалым шағын қалалардың экономикасының дамуында инновациялар айтарлықтай маңызы бар екенін, ол арқылы өндірістегі еңбек өнімділігін арттырып, қызмет сапасының жақсаратындығы жөнінде қорытынды жасайды. Бақылауға алынған урбанизация экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және басқа да қауіп-қатерлердің алдын алуға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңдағы урбанизация тек үлкен қалалардың ғана дамуы емес, сонымен қатар шағын қалалардың өркендеуі экономиканың тұрақтануының айқын белгісі деп түсінген жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әділов Ж.М. Қала және қоршаған орта. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 80 б.
2. Кадырова Р.Х., Петров П.П., Жакашов Н. Здоровье населения современного промышленного города. – Алматы: Ғылым, 1994. -199 с.
3. Уалтаева А.С. Население малых городов Казахстана (социально-демографический аспект на примере Восточного региона). – Алматы, 2011. - 198 с.
4. Эволюционная урбанистика Казахстана XX и XXI веков: картографическое и сетевое моделирование, социально-демографическая динамика, экологическая история / под ред. И.А. Яшкова, А.В. Иванова. – Москва: Университетская книга, 2017. - 216 с.
5. ҚР ҰА Ф. 63. Т. 1. І. 678. 26-30-бб.
6. Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030001389> (қарау күні: 30.11.2019).